



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 5 маусым

А.Ахметов - Мемлекеттің ақша-кредит және фискалдық саясаттарын тиімді үйлестіру экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады

Мемлекеттің ақша-кредит және фискалдық саясаттарын тиімді үйлестіру экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі болып табылады. Елдегі баға тұрақтылығын қамтамасыз ету Ұлттық Банктің негізгі басым міндеті болып табылады. Сондықтан да Ұлттық Банктің негізгі шаралары жылдық инфляцияны белгіленген дәліз шеңберінде ұстап тұруға бағытталған. Бұл туралы бүгін ҚР Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысында баяндамамен сөйлеген сөзінде Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов айтып берді.

Ол жылдық инфляция мамырда төмендеуін жалғастырды және жылдың басындағы 7,1%-бен салыстырғанда 6,2%-ды құрады деп атап өтті. Ағымдағы жылдың соңына дейін инфляция кейіннен 2019 жылға қарай жаңа 4-6% болатын дәлізге біртіндеп кіре отырып, 5-7%-дық нысаналы дәліздің ортасына жақын сақталады және 2020 жылдың соңына қарай 4%-дан төмен төмендейді деп күтіледі.

«Инфляциялық күтулер төмендеуде. Олардың сәуірдегі теңгенің номиналдық айырбастау бағамының құбылуы салдарынан көтерілуінен кейін бір жыл алға күтілетін инфляция мәні мамырда 6,3%-дан 6,0%-ға дейін төмендеді. Ішкі қаржы нарығындағы ағымдағы ахуалға келер болсақ, ағымдағы жылғы 5 айда Ұлттық Банктің алтынвалюта резервтері, алдын ала деректер бойынша, 1,4%-ға өсті. Елдің халықаралық резервтерінің жиынтығы 90,4 млрд. АҚШ долларына жетті», - деді А.Ахметов.

Ол ақша нарығында артық өтімділік сақталып отырғанын, ол проинфляциялық қысымды шектеу мақсатында басым түрде ноттарды шығару арқылы алынатынын атап өтті. Ұлттық Банктің ноттары қысқа мерзімді екенін ескерсек, кредиттік белсенділіктің күшеюіне қарай өтімділіктің халыққа және бизнеске берілетін қарызға айтарлықтай шұғыл ауысуы мүмкін.

А.Ахметов – базалық мөлшерлеменің жаңа деңгейі инфляция бойынша мақсаттарға сәйкес келеді, сондай-ақ экономикадағы ақша құнының одан әрі төмендеуін қамтамасыз ететін болады

5 маусымнан бастап базалық мөлшерлеме 9%-ға дейін төмендетілді. Бұл ағымдағы жылғы төртінші төмендету. Базалық мөлшерлеменің жаңа деңгейі инфляция бойынша мақсаттарға сәйкес келеді, сондай-ақ экономикадағы ақша құнының одан әрі төмендеуін қамтамасыз ететін болады. Бұл туралы бүгін ҚР Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысында баяндамамен сөйлеген сөзінде Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов айтып берді.

Ол бизнес үшін теңгемен кредиттер бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі сәуірдің қорытындысы бойынша 12,2%-ға дейін біртіндеп төмендеуін жалғастырып жатқанын атап өтті. Мұндай төмен мәндер 2014 жылдың соңынан бері байқалмаған болатын.

«Жаңа кредиттерді беру өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда қаңтар-сәуірде 27,7%ға немесе 814,3 млрд. теңгеге ұлғайды. Соның нәтижесінде банктердің кредиттік портфелі, егер Ұлттық Банктің өткен жылғы банк секторын қалыпқа келтірумен байланысты шараларының әсерін есептемесек, сәуірдің қорытындысы бойынша жылдық көрсеткіш бойынша 12,1%-ға өсті», - деді А.Ахметов.

Ол ұзақ мерзімді несиелендіруді қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк бірқатар бастамаларды жүзеге асырғанын атап өтті. Заңнамалық деңгейде банктерді қаржыландыру мерзімдерін кеңейтетін құралдарды енгізу жоспарлануда. Жинақ салымдарын енгізу банктерге ұзақ мерзімді және болжамды қаржыландыруға мүмкіндік береді.

«1,2 трлн. теңге - Қалыпқа келтіру бағдарламасына қатысушы банктерге берілетін кредит сомасы. Қазірге таңда 865 млрд. теңге қайта қаржыландырылды, оның ішінде 170 млрд. теңге сомаға жаңа кредит берілді», - деп түсіндірді Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары.

Бұдан басқа, А. Ахметовтің айтуынша, 7-20-25 бағдарламасын іске асыруға жақын уақытта 200 млрд. теңге жұмсалатын болады. Болашақта бұл сома 1 трлн. теңгеге жетіп, банктердің ипотекалық портфелінің ағымдағы көлемін екі есеге көбейтіп, 2 трлн. теңгеге дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Сөзін қорытындылай келе А.Ахметов долларсыздандыру процесінің жалғасып жатқанын айтты. Ұлттық валютадағы депозиттер қаңтар-сәуірде 2,4%-ға 9,4 трлн. теңгеге дейін өсті, шетел валютасындағы депозиттер 8%-ға 7,7 трлн. теңгеге дейін төмендеді. Шетел валютасындағы салымдар үлесі жылдың басынан бері 47,7%-дан 45%-ға дейін төмендеді, бұл 2014 жылғы тамыздан бергі ең аз мәндердің бірі болып табылады. Заңды тұлғалар депозиттерінің долларлануы 43,8%-дан 41,3%-ға дейін, халықтікі 52,2%-дан 49,1%-ға дейін төмендеді. «Жылдың басынан бері валюта нарығындағы ахуал тұрақты болып қалуда. Бес айдың ішінде мұнай бағасының өсуі аясында, Ресей рублінің жағымсыз әсер етуіне қарамастан, теңгенің АҚШ долларына қатысты нығаюы 0,9%-ды құрады», - деп қорытындылады Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz